

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Балабақша - тәрбиенің алтын бесігі.

ЖАРИЯЛАНДЫ
02.09.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/162641/

Балабақша — тәрбиенің алтын бесігі.

«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» — деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата — анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс — тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгіалуға тырысады. Балабақша - баланың жүйелі түрде білім - тәрбие алатын ең алғашқы қоғамдық ошағы. Балабақшаның балаға беретін тәлім - тәрбиесінің қаншалықты мықты болуы, сол балабақшада қызмет ететін педагогикалық ұжымға, нақтырақ айтар болсақ, ұстазға байланысты.

Ұстаз - киелі мамандық. Ол ертеңгі болашақты, болашақ иесін - ұлтын тәрбиелейді. Адам тәрбиелеу, оған ғылым негіздерінен мағлұмат беру, баланы өмір сүруге икемдеу, адами қылықтарды бойына дарыту - ол оңай шаруа емес.

Тәрбиеші - суретші, әртіс, әдебиетші, ақылшы, дос және бала жанын бағамдар психолог.

«Тәрбиеші адам - тағалы атпен тең» деп халық даналығында көрсеткендей тағамның беріктігінен «Бөбек» балабақшасында тәрбиеші болып биылғы жылдан бастадым. Бұл балабақша алдында көп жылдан бері жарты күндік жұмыс атқарса, осы желтоқсан айынан бастап толық күн жұмыс істеуге ауысты.

«Нұрлы» балабақшасында жиырма бала тәрбиеленуде. Мұнда әртүрлі ұлттың балалары тәрбиеленеді. Олардың жас шамасы үш жастан бес жасқа дейінгі балалар. Балабақшада балалармен әртүрлі қызықты ойындар ұйымдастырылады, коммуникативтік, шығармашылық, социум, денсаулық, айналамен таныстыру бағыттары бойынша сабақтар өтеді. Осы бүлдіршіндеріміз әрмерекелік іс-шараларға белсене ат салысып өз өнерлерін көрсетуге тырысады. Балалардың ішінде әнші, биші, бояушы, сызушы балаларды байқауға болады.

Кішкентай балалар тәрбиеші көмегімен киініп, жуынып, сүртінеді, бір — біріне көмектеседі, «рахмет, кешір, өтінемін» сөздерін айтып отырады. Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымдақарым — қатынастарын қалыптастыру. Осылайшамейірімділіктің негізі қаланады немқұрайлықтыңпайда болуына, құрбыларына, үлкендерге қалайболса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

Тұрмыстық қызметте топтағы ойыншықтардыжинау, оларды күтіп ұстау, топты таза ұстау. Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетіне қажетермексаз, тақтайша, қылқалам т. б дайындауға көмектесуі. Осылайша біз бүлдіршіндеріміздіқайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырып, жақын адамдарына қамқор болуға үйретеміз.

Әрбір жасалынған істен кейін «Жарайсыңдарбалалар! Тобымыз немесе ойын алаңымыз қандайсәнді болып қалды, бәрекелді!» деген сөздерді естуарқылы жасаған еңбектерінің дұрыс екеніне көзжеткізеді. Ұжым болып жұмыс жасай білуі, ұқыптылық, ізденімпаздық, аяшылық, қамқорлық, сезімдерін бойына сіңіруі аса маңызды.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.